

АНА ТІЛІ

Ұлт Таза тілі

1990 жылғы
наурыздың 22-сінен
бастап шығады



«Жұмыр жердің жұмағы»

Жуырда «Әдебиеттің әлеуметтік маңызды түрлерін басып шығару» бағдарламасы бойынша белгілі журналист, қаламгер Қуат Бораштың «Жұмыр жердің жұмағы» атты кітабы оқырманға жол тартты.

Кітапты оқып отырып, журналист – ақпарат жаршысы, замана тамыршысы екеніне тағы бір мәрте көз жеткізе түскендей боласыз. Уақыттың ұлы көшіне ілесіп, күнделікті өмірдегі әрбір оқиғаны, маңызды іс-шараларды, саяси бағыт-бағдар мен экономикалық хал-ахуалдың түйткілдерін ойлы көзқараспен, өзіндік пайыммен зерделей білу – аталған кәсіп иелерінің алдында тұрған зор міндет іспетті. Бұл тұрғыдан алғанда автор өз мақсатына жете білгені байқалады. Себебі қаламгердің әр жылдары жазылған публицистикалық мақалалары, очерктері мен репортаждары, сұхбаттары басылым беттерінде жарияланып, оқырман тарапынан жоғары бағаланған. Солардың басын біріктіріп, кітап ретінде тарту етіп отырғандықтан оның бағасы, құндылығы мүлдем бөлек. Өйткені кітап – рухани қазынамызды байытуға жұмыс істейтін таптырмас құрал.

Елімізде ұлттық журналистикамыздың өсіп-өркендеуіне атсалысып, өлшеусіз үлес қосып келе жатқан азаматтар аз емес. Журналистика саласы, бұқаралық сөз дамыған жерде ел де дамиды, мемлекет те нығаяды. Қоғамдағы болып жатқан өзгерістерге, әлемдегі интеграциялық үдерістердің себеп-салдарына, халықты толғандырған мәселелерге уақыт арнасынан қалыс қалмай, үн қосып отыру – жүрегі ел деп соққан қаламгер үшін жазылмаған парыз. Ал осы айтылған мәселелерді біліктілікпен ұштастырып, оқырманының көңіліне қонымды етіп жеткізе білу – үлкен шеберлікті қажет етеді. Қуат Бораш осындай мәселелерге ешуақытта бейжай қарамайтын журналист екені кітаптың мазмұнынан, қозғаған тақырыбының ауқымдылығы мен өзектілігінен айқын аңғарылып отырады. Туындыны оқып отырған кезінде өтіп кеткен уақыт бедерін бір сәт көз алдыға келтіріп, сол мезгілдің ақиқаты мен шындығына бойлай түсесіз. Асылы, жастар үшін уақыт болмысын тануға, заман бағдарын сезінуге мұндай кітаптар себепші болатыны

сөзсіз. Өйткені журналистің қаламынан елдік, ұлттық мәселелер ешуақытта тыс қалмайтыны анық. Бұған аталған туындыға енген сүбелі мақалалар кәміл сендіреді. Кітаптың «Жұмыр жердің жұмағы» деген атауының өзі көңілге жылылық ұялатады. Бұл автордың туған еліне деген азаматтық, перзенттік құрметін білдіріп тұрғаны сөзсіз. Еңбектің мазмұны мен жүлгеленген тақырыптарын тарқата түсетін болсақ, ол «Жұмыр ой», «Жұмыр жер», «Жұмыр мүсін» атты үш бөлімнен тұрады. Оқырманын елең еткізер эпитетті теңеулермен үйлесім тапқан әрбір бөлімнің мақалалары айшықты тілімен, салиқалы да салмақты ой-тұжырымдарымен ерекшелене түскен.

Менің ойымша, «Жұмыр ой» деген – журналистің азаматтық көзқарасы. Қоғамдағы болып жатқан оқиғаларға берілген баға. Еліміздің әлеуметтік-экономикалық жағдайына, әлемдік саяси аренадағы бастамаларына сараптамалық талдау жасап, «Жұмыр ойға» айналдыра білген. Мысалы, «Электронды үкімет», «Ғарыштық держава», «Интернеттен именбе», «Көлеңкеде көлбеңдеген көп ақша», «Ипотека аңыз бен ақиқат» сынды мақалаларда еліміздің нарықтық кезеңдегі көрген қиындықтары, жаңа ғасырдың әртүрлі ықпал-әсерлерін сөз өнері арқылы кестелей білуде автордың қаламгерлік шеберлігі байқалып-ақ тұрады.

«Жұмыр жер» дегеніміз – жалпақ әлем. Кітаптың бұл бөлімінде Қ.Бораштың АҚШ, Египет, Жапония, Германия, Корея, Қытай және т.б. мемлекеттеріне жасаған сапарлары кезіндегі жолжазба, очерктері топтастырылыпты. Әрбір елге, оның мемлекеттік құрылымына, қалыптасу тарихына, бүгінгі бет-бейнесіне, халқының өзіндік ерекшеліктеріне жан-жақты тоқталған журналист осының бәрін өз елінің жағдайымен салыстыра отырып баяндайды. «Жақсыдан үйрен, жаманнан жирен» демекші, әрбір мемлекеттің озығын, жеткен жетістігін көрсете біледі. Бұл еларалық, мемлекетаралық мәселелерді бағдарлап, білгісі келетін оқырман үшін таптырмас қазына. Қаламгердің «Ақ үй мен Ақорда», «Тамырлас елдің таңдауы», «Терезесі тең әріптестік» секілді сапарнамалары да тақырыбын жақсы аша білуімен ерекше әсерге бөлейді.

«Жұмыр мүсін» деп аталатын бөлімге тоқталатын болсақ, мұнда журналистің туған-туыс, дос-жаран жайлы әр жылдары жазған очерк, естеліктері топтастырылған. Көсемсөз жолында еңбек етіп келе жатқан қаламгер үшін мұндай тақырыптар аса маңызды. Өйткені ол айналасындағы адамдармен, өзінің замандастарымен, туыс-туғандарымен бірге ғұмыр кешеді. Демек, олардың бойындағы көпке үлгі боларлық қасиеттер қалам ұстанған адамды бейжай қалдырмасы белгілі. Ол соны жеткізуді өзіне мақсат ете отырып, кейіпкерлерінің кісілігін, адамгершілігін өзгелерге таныту үшін жазады. Бұл тұрғыдан алғанда автордың төл дүниелерінен ата-анасының қадір-қасиетін, қайталанбас тағдыр иелерін, өз кәсібінде биік шыңдарды бағындырған тұлғаларды көреміз. Мұның барлығын кітаптың «Әкемнің әңгімесі», «Анамның әңгімесі», «Құрдастың әңгімесі», «Курстастың әңгімесі» сияқты бөлімдерінен оқуға болады.

Қорыта келгенде айтарымыз, автордың бұл туындысы мәдени-рухани қазынамызға келіп қосылған құнды еңбек. «Егемен Қазақстан» республикалық газеті» акционерлік қоғамының президенті, белгілі журналист Сауытбек Абдрахмановтың білдірген ізгі лебізімен оқырманға жол тартқан кітап уақыттың тамыршысындай болып, тәуелсіздік тұғырымыздың биік болуына сүбелі үлесін қоса берері сөзсіз.

Елдос Тоқтарбай